

**Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 475 «2021-2023 жылдарға арналған Тамды ауылдық округ бюджетін
бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9-1 бабының 2- тармағына және 104, 109-1, 111 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 475 «2021-2023 жылдарға арналған Тамды ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7917 тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2021 жылғы 05 қаңтарда жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

2) тармақшасында:

шығындар - «73 226» сандары «74 068,5» сандарымен ауыстырылсын;

5) тармақшасында:

бюджет тапшылығы (профициті) – «0» саны «- 842,5» сандарымен ауыстырылсын;

б) тармақшасында

бюджет тапшылығын қаржыландыру – «0» саны «842,5» сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. «Алға аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Алға аудандық мәслихатының интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты жөні